

Құпиялық саясаты **«Country Village Resort» отбасылық демалыс кешені**

Осы Құпиялық саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, соның ішінде «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес әзірленген және «Country Village Resort» кешенінің (бұдан әрі – Отбасылық демалыс кешені) сайты пайдаланушылары мен қонақтарының жеке деректерін жинау, өңдеу, сақтау және қорғау тәртібін айқындайды.

Кешеннің сайтын пайдалану, онлайн-бронирлеу қызметін қолдану, сондай-ақ өз деректерін кез келген өзге тәсілмен (формалар, мессенджерлер, телефон, әлеуметтік желілер арқылы) ұсыну арқылы Пайдаланушы осы Құпиялық саясатының шарттарымен келісетінін білдіреді.

1. Біз қандай деректерді жинаймыз

Отбасылық демалыс кешені төмендегі жеке деректерді жинауы және өңдеуі мүмкін:

- аты-жөні;
- телефон нөмірі;
- электрондық пошта мекенжайы;
- брондауға қатысты мәліметтер (келу күні, қонақтар саны, таңдалған қызметтер);
- Пайдаланушы өз еркімен ұсынған өзге де ақпарат.

2. Жеке деректерді өңдеу мақсаттары

Жеке деректер тек төмендегі мақсаттар үшін қолданылады:

- өтінімдер мен брондауларды өңдеу;
- қонақтармен байланысу және қызметтерді растау;
- қызмет көрсету және Кешен міндеттемелерін орындау;
- брондау мәртебесі мен өзгерістер туралы хабарлау;
- қызмет көрсету сапасын жақсарту.

3. Деректерді сақтау және қорғау

Кешен жеке деректерді заңсыз қол жеткізуден, жоғалудан, өзгеруден немесе таратылудан қорғау үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

Деректерге қол жеткізу тек өз қызметтік міндеттерін орындау үшін қажет көлемде Кешеннің уәкілетті қызметкерлеріне ғана беріледі.

4. Деректерді үшінші тұлғаларға беру

Пайдаланушылардың жеке деректері үшінші тұлғаларға берілмейді, келесі жағдайларды қоспағанда:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар;
- қызметті көрсету үшін қажет болған кезде (мысалы, сайт пен брондау модулінің жұмысын қамтамасыз ететін техникалық серіктестерге, олар құпиялықты сақтаған жағдайда).

5. Пайдаланушының құқықтары

Пайдаланушы келесі құқықтарға ие:

- өзінің жеке деректері туралы ақпарат алу;
- деректерін нақтылауды немесе бұғаттауды талап ету;
- жеке деректерді өңдеуге берілген келісімді қайтарып алу.

Өз құқықтарын іске асыру үшін Пайдаланушы сайтта көрсетілген байланыс деректері арқылы Кешен әкімшілігіне жүгінуіне болады.

6. Деректерді өңдеуге келісім

Өзінің жеке деректерін ұсына отырып, Пайдаланушы:

- ерікті түрде әрекет ететінін;
- шынайы ақпарат беретінін;
- деректерді өңдеу мақсаттарын түсінетінін;
- осы Құпиялық саясатына сәйкес оларды өңдеуге келісім беретінін растайды.

7. Саясатқа өзгерістер енгізу

Кешен әкімшілігі осы Құпиялық саясатына алдын ала хабарламай-ақ өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Өзекті нұсқасы әрдайым сайтта орналастырылады.

Кешеннің сайтын және қызметтерін пайдалану Пайдаланушының осы Құпиялық саясатының барлық шарттарымен толық келісетінін білдіреді.